

Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтар зейнетақыны төлеуді жүзеге асыру және міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, қайта есептеудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 желтоқсан N 1733. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.15. N 245 қаулысымен. ~P990245

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, қайта есептеу және Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлеуді іске асыру Тәртібі бекітілсін, (қоса беріліп отыр).

2. 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін төлемшілердің Зейнетақы қорына есептелінген, бірақ әртүрлі себептермен төленбеген, сақтандыру жарнасының сомасы толық есепке дейін N 000829708 МФО 19000501008 орталықтандырылған есепке аударылуға жатады.

3. Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа арналған

төлемшілердің 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап есептелген міндетті зейнетақы жарналары қоса беріліп отырған Тәртіпке сәйкес аударуға жатады.

4. Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталық зейнетақы төлемінің қорларын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 10 желтоқсандағы

N 1733 қаулысымен

Бекітілген

Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтан зейнетақыны төлеуді жүзеге асыру және міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, қайта есептеудің тәртібін бекіту туралы

1. Жалпы ережелері

1. Осы тәртіп Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңына сәйкес әзірленді. Ол жоғарыда аталған Заңға сәйкес төлемшілердің зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталыққа (бұдан былай "орталық") төлейтін ақша қаражатын қайта есептеудің, есеп жүргізудің тәртібін, Орталықтан зейнетақы төлеу тәртібін, сондай-ақ салымшылардың жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасын аударудың тәртібін анықтайды.

2. Зейнетақы орталығының ақша қаражаты мына жайлар есебінен қалыптасады:

- тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заң белгіленген жалақы бойынша, заңды түрде құрылмаған, кәсіпкерлікпен және басқа қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың Орталыққа жіберетін міндетті зейнетақы жарнасы;

- көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заң бекіткен ресми трансферттер.

3. Орталық заңды түрде құрылмаған кәсіпкерлікпен және басқа қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардан түсетін міндетті зейнетақы жарналарын есепке алуды жүзеге асырады.

4. Заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды түрде құрылмай-ақ кәсіпкерлікпен және басқа қызметпен айналыстан тұлғалар (бұдан былай - төлемші) өзінің тұрған жері бойынша Қазақстан Республикасының салық органдарында Орталыққа міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші ретінде тіркелуін растайды.

Жаңадан құрылған ұйымдар салық төлеушінің тіркелу нөмірін (СТН) ала отырып дербес заңды тұлға болып тіркелген күннен бастап 10 күн мерзімнің ішінде салық органдарында міндетті зейнетақы жарналарының төлемшілері ретінде тіркеледі.

5. Тіркелгеннен кейін әрбір міндетті зейнетақы жарналарын төлемшіге міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің мерзімі туралы жазбаша хабарландыру беріледі.

6. Заңды тұлғалар міндетті зейнетақы жарналарын, айдың екінші бөлігінің жалақысын беру үшін белгіленген, бірақ келесі айдың 10-нан кеш емес, төлемшілердің жеке санаттарына міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің басқа мерзімдерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен

келісуі бойынша салық органдарының белгілеген жағдайларынан басқа, Орталыққа ай сайын аударуға міндетті.

Кәсіпкерлікпен және басқа қызметпен шұғылданатын заңды түрде

құрылмаған жеке тұлғалар міндетті зейнетақы жарналарын Орталыққа тіркелген күннен бастап төлейді.

Төлеушілердің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуі өздерінің банктік шоттарынан қолма қол ақшасыз есеп айырысуы жолымен не қолма қол ақшамен жүргізіледі.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ 3-абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен.

P980201_

II. Міндетті зейнетақы жарналарын Орталыққа төлеудің тәртібі мен мерзімі

7. Заңды тұлғалар үшін Орталыққа төленетін міндетті зейнетақы жарналарының ставкалық мөлшері еңбекке ақы төлеу қорының проценттік қатынасымен (жалақының есептелген қоры) заңды түрде құрылмаған жеке тұлғалар үшін жыл сайын бекітілетін республикалық бюджет туралы Заңға сәйкес айлық табыстың проценттік қатынасымен белгіленеді.

8. Орталыққа төленетін зейнетақы жарналары:

- заңды тұлғалардың жалақының барлық түрлерін қоса алғандағы еңбекке ақы түрінде төленетін табыстарынан;

- сондай-ақ жалақы қосылатын жұмыс істелмеген уақыт үшін заңға сәйкес жұмыскерлерге есептелген ақша қаржыларын қоса алғандағы ақшалай және табиғи түрде есептелген әртүрлі сый ақылардан, үстемақыларынан, қосымша ақыларынан (қаржыландыру көздері тәуелсіз);

- Заңды түрде құрылмай-ақ кәсіпкерлікпен және басқа қызметтермен шұғылданатын жеке тұлғалардың шығындардан басқа айлық жиынтық табыстан оны алуға байланысты, негізгі құралдарды сатып алуға, оларды орнатуға және

басқа материалдық сипаттағы шығындарына, сондай-ақ міндетті жарналар мен мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға, және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры мен жинақтаушы зейнетақы қорына;

- заңды түрде құрылмай-ақ кәсіпкерлікпен және басқа қызметтермен шұғылданатын, қызметтің осы немесе басқа түріне патент сатып алған, жеке тұлғалардың патент мөлшері белгіленген болжалды салық салынатын табысынан есептеледі.

9. Міндетті зейнетақы жарналарын Орталыққа аудару Орталықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің МААБ-ында ашылған арналу коды "015", N 413609816, МФО 190501109 шотына жүргізіледі. <*>

10. Орталыққа міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібімен төлеу кезінде төлеуші банкке үш данада қағаз таратушыдағы төлем тапсырысын өткізеді. Бірінші данасы банкке өткізіледі, аударымды қабылдағаны туралы банктің белгісі бар екінші және үшінші данасы төлеушінің өзіне қайтарылады, төлеуші төлем тапсырысының екінші және үшінші данасы қайтарылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде төлем тапсырысының үшінші данасын тіркелген жеріндегі салық органына ұсынады.

Төлеушінің банкі міндетті зейнетақы жарнасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармасы арқылы аударған жағдайда төлеуші төлеушінің банкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармасына беретін төлем тапсырысының қағаз таратушыдағы төртінші данасын банкке қосымша ұсынады.

Төлем тапсырыстары бағдарламалық-криптографиялық қорғау және электронды сандық қол қоюлар жүйесін пайдалану туралы келісімге сәйкес байланыстың электронды арналары бойынша берілген кезде төлеушінің банктен алған, қағаз таратушыда басылған, банк куәландырған электронды төлем тапсырысын алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде оны тіркелген жеріндегі салық органына беруі қажет. Банктің Орталыққа ақша аударуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен төлем жүйесіндегі жұмыстарға арналған форматтарға сәйкес жүзеге асырылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-10-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен. P980201_

11.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен.

P980201_

12. Орталыққа жіберілетін міндетті зейнетақы жарналарын, қаржыландыру көздеріне қарамай, тиісті салықтарды ұстап қалуға дейін есептеледі.

13. Жалақыны алу күнінің өзгеруіне байланысты міндетті зейнетақы жарнасының төлеу мерзімі жарна төлеушінің салық органдарына берген жазбаша өтінішінің банктің жалақы беру мерзімінің өзгеруі туралы берген жазбаша анықтамасының негізінде жүзеге асырылады.

14. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адам жарнаның есептелген сомасын салық заңдарында белгіленген мерзімдерде төлейді. Бұл ретте жеке адам банкке Орталықтың реквизиттерін, тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, айы, күнін және жарна сомасын жазған хабарлама ұсынады. Егер тегі, аты, әкесінің аты өзгерген болса, онда жеке адам әлеуметтік жеке код алу үшін толтырған тіркеу кәртішкесінде тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. <*>

15. Еңбектің айрықша жағдайларына орай қолданылып жүрген заңдардың негізінде, жұмыстың ақырғы нәтижелері бойынша еңбегі үшін сыйақы белгіленген қызметкерлер үшін міндетті зейнетақы жарналары жалақы есебінде іс жүзінде төленген сомадан төленеді. Бұл қызметкерлер үшін міндетті зейнетақы жарнасы бойынша ақырғы есеп айырысу маусым аяқталған соң жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 14-15-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

№ 201 қаулысымен. P980201_

16. Төлемдердің мына түрлеріне міндетті зейнетақы жарналары есептелмейді:

- қолданылмаған демалыс үшін өтемақы;
- материалдық көмек ретінде берілетін ақшалай жәрдемақы;
- өтемдік төлем;
- тұрақты жұмысы жолда өтетін немесе жүріп-тұратын болса, не қызмет көрсету учаскелерінің шеңберіндегі қызмет бабына байланысты сапар кезінде берілетін тәуліктік ақының орнындағы жалақыға қосылатын қосымшалар мен үстемелер;
- берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяқ киімнің және басқа жеке қорғаныс құралдарының, сабын, майдан тазартатын құралдар, сүт және емдік-профилактикалық тамақтың бағасы;
- басқа жерге жұмысқа ауысқанда не көшкен кезде жол жүру, мүліктерді

алып жүру үй-жайды жалға алу жөніндегі шығындардың орнын толтыру;

- жұмыстарына байланысты, жұмыскерлердің жарақат алуы не басқа денсаулықтарына нұқсан келген зиянды өтеу төлемдері (табыс төлемінің шығындалған бөлігінен басқа);

- тиісті бюджетке немесе қайырымдылық қорына аударылатын, сыйақы берілмейтін жұмыс күндеріндегі еңбек үшін жалақы;

- мереке күндеріне байланысты, қолданыстағы заңға сәйкес белгіленген мерейтойлар, туған күндер, ұзақ жылдар және мінсіз қызметі, қоғамдық жұмыс үшін жалақы қорының есебінен жүргізілетін (еңбекке ақы төлеудің бірыңғай қоры) бір жолғы көтермелеу төлемдері;

- бағалы қағаздар бойынша алынған дивиденттер;

- оқушылар мен студенттердің стипендиясы (ұйымдар жіберген арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқушыларынан басқа).

17. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілер тоқсан сайын 2 данада есеп айырысу ведомостін жасайды, біреуі есеп берумен бірге әр айдың 10-шы күнінен кешіктірілмей салық органына ұсынылады, есеп айырысу ведомостінің екінші данасы төлемшінің бухгалтериясында қалады.

18. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілер бухгалтерлік есеп жүргізген кезде "Бухгалтерлік есеп туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын және оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерді, ал міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен. P980201_

19. Шаруашылық есеп айырысуда тұрған субъектілер міндетті зейнетақы жарналарына есептелген сомаларды "Шығындар" 811, 821 шоттарының, 903, 913, 923, 933, 943 "Өндірістік есеп шоттар" дебеті бойынша және 653/2 "Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысулар" шоттарының кредитті бойынша бейнелейді. <*>

Қаржыны Орталыққа аударған кезде 653/2 "Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысулар" шоттары дебетке беріледі және 441 "Есеп айырысу шотындағы қолдағы бар ақша" шоты кредитке алынады.

Бюджеттік мекемелер міндетті зейнетақы төлеміне аударуды 198/1 "Сақтандыру жарналары жөніндегі есеп айырысулар" суб.шотының кредиті бойынша немесе тиісті 20 "Бюджет бойынша шығындар немесе 21" Басқа шығындар" суб.шоттарының дебеті бойынша бейнелейді. Тиісті қаржыны Орталыққа берген кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 198/1

суб.шотын дебетке және ақша қаржысын есепке алу жөніндегі суб.шотты (090,100,110) кредитке Орталыққа әрбір өткен күн үшін (төлем күнін қоса алғанда) осы сомаларды төлеу күніне береді.

21. Орталыққа қателесіп аударылған сома төлемшінің арызы бойынша (растайтын құжаты болса) Орталық салық заңымен қарастырылған мерзімде қайтарады. Көрсетілген сома негізсіз кідірілген жағдайда, осы сомалар төленетін мерзімінен өткен әр күнге, Орталық Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілегендей, қайта қаржыландырудың 1,2-еселік мөлшердегі ресми ставкасының тұрақсыздық айыбын төлейді.

22. Заңды және жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы төлемдері аудару жөніндегі тапсырмаларын уақытында орындамағаны үшін банктер Қазақстан Республикасының Президентінің "Бюджетке төленетін салықтар мен басқа міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығының 164-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

III. Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеудің тәртібі мен мерзімі

23. Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын жеке тұлғалар үшін (жұмыскерлерге) Заңды тұлғалар, сондай-ақ әскери қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін тиісті Қорғаныс министрлігі мен Ішкі Істер қызметтері, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, Республикалық Гвардия мен Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, аталған органдардың "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ставка бойынша мына ретпен төлейді:

- Орталыққа төленетін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде жалақы түрінде төленетін және еңбекке төленетін ақы қорына есептеу үшін алынған табыстардан. Бұл кезде жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы төлемдерін есепке алу әрбір жеке тұлғаға (қызметкерге) бөлеу жүргізіледі;

- ішкі істер органының қызметкерлері мен әскери қызметкерлер үшін жинақтаушы зейнетақы қорына аударылатын міндетті зейнетақы жарналарының ақшалай мөлшері қолданыстағы заңға сәйкес белгіленеді;

- жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы төлемдері, салық заңына сәйкес, салық салынатын табыстан шегеріледі;

ЕСКЕРТУ. 23-тармақтың 5-6 абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.03.11.N 201 қаулысымен. P980201_

24. Салымшының міндетті зейнетақы төлемін аудару туралы тапсырмасы

болмаған жағдайда заңды тұлғалар міндетті зейнетақы жарнасына қандай да бір нақты жинаушы қорға ұсталған соманы Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына аударады. <*>

ЕСКЕРТУ. 24-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.03.11.N 201
қаулысымен. P980201_

25. Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару Орталықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің МААБ-ында ашылған арналу коды "010, N 413609816, МФО 190501109 шоты арқылы жүргізіледі.

Төлеуші міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына аударым арқылы төлеген кезде банкке әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша үш данада қағаз таратушыдағы төлем тапсырысын және екі данада жеке адамдардың тізімін ұсынады. Төлем құжатының бірінші данасы мен жеке адамдар тізімінің бірінші данасы банкте қалады, қабылдағаны туралы банктің белгісі бар төлем құжатының екінші және үшінші данасы мен жеке адамдар тізімінің бір данасы төлеушіге қайтарылады. Бұдан кейін төлеуші үш жұмыс күні ішінде төлем тапсырысының үшінші данасын тіркелген жеріндегі салық органына береді.

Төлеушінің банкі міндетті зейнетақы жарнасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармасы арқылы аударған жағдайда төлеуші төлеушінің банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің облыстық (аумақтық) басқармасына беретін төлем тапсырысының қағаз таратушыдағы төртінші данасын және жеке адамдар тізімінің үшінші данасын банкке өткізеді.

Төлем тапсырыстары бағдарламалық-криптографиялық қорғау және электронды сандық қол қоюлар жүйесін пайдалану туралы келісімге сәйкес байланыстың электронды арналары бойынша берілген кезде төлеуші төлеушінің банкінен, қағаз таратушыдан басылған, банк куәландырған электронды төлем тапсырысын алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде оны тіркелген жеріндегі салық органына беруі қажет.

Төлеушілердің қағаз таратушыда толтырған төлем құжаттарында пайдасына ақша аудару жүргізілетін жинақтаушы зейнетақы қорының реквизиттері " Төлемнің арналуы" деген бағанада көрсетіледі.

Жеке адамдардың тізімі әрбір жеке адам бойынша әлеуметтік жеке кодын (егер ол берілген жағдайда), тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, айы мен күнін, жарнаның сомасын қамтуы тиіс. Егер тегі, аты, әкесінің аты өзгерген болса, онда жеке адам әлеуметтік код алу үшін толтырған тіркеу кәртішкесінде тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. <*>

26. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлікпен және өзге де қызметпен айналысатын жеке адам жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарнасын төлеген кезде банкке жинақтаушы зейнетақы қорының реквизиттерін, тегін, атын, әкесінің атын жазған хабарлама ұсынады. Егер тегі, аты, әкесінің аты өзгерген болса, онда жеке адам әлеуметтік жеке код алу үшін толтырған тіркеу кәртішкесінде тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 25-26-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен. P980201_

27. Жинақтаушы зейнетақы қорына арналған міндетті зейнетақы жарналары осы Тәртіптің 16-тармағында көрсетілген тізбеге байланысты еңбекке ақы төлеу түрлеріне есептелмейді.

28. Жинақтаушы зейнетақы қорына уақытында төленбеген міндетті зейнетақы жарналарының сомалары нақтылы төленген және табыстың алынған жағдайларында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілегендей осы соманы төлеу күнінен мерзімі өтіп кеткен әр күн үшін (төлеу күнін қоса отырып) Орталық арқылы тиісті жинақтаушы зейнетақы қорына қайта қаржыландыру 1,2 есе мөлшердегі ставка өсімін есептей отырып өндіріп алуға жатады.

29. Банктердің Орталыққа ақша аударуы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен төлем жүйесіндегі жұмыстарға арналған форматтарға сәйкес жеке адамдардың тізімімен қоса электрондық төлем тапсырыстарымен жүргізіледі.

Елуден астам қызметкері бар заңды тұлға, осы Тәртіптің 25-тармағының талаптарын орындаудан басқада, банкке жеке адамдардың тізімімен қоса жоғарыда көрсетілген форматта, электрондық таратушыдағы (байланыс желілері бойынша не магнитті таратушыларда) төлем тапсырыстарын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктерге деректерді өңдеу жөнінде және/немесе зейнетақы жарналарын аудару жөнінде клиенттерге ұсынылатын қызметтер үшін банктің іс жүзіндегі шығындарынан аспайтын мөлшерде ақы төлеу ұсынылады. <*>

30. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілер бухгалтерлік есеп жүргізген кезде "Бухгалтерлік есеп туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын және оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актілерді, ал міндетті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. <*>

ЕСКЕРТУ. 29-30-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен. P980201_

31. Шаруашылық есепте тұрған субъектілер міндетті зейнетақы жарналарына

есептелген сомаларды 811, 821 "Шығындар", 903, 913, 921, 933, 943 "Өндірістік есеп шоттар" шоттарының дебеті бойынша және 635/3 "Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысулар" шотының кредиті бойынша бейнелейді. <*>

Орталыққа қаржы аударылған кезде 653/3 "Зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысулар" шоты дебетке және 441 "Есеп айырысу шотындағы қолма-қол ақша" шоты кредитке беріледі.

Бюджеттік мекемелер міндетті зейнетақы жарналарына аударуды 198/2 "Қауіпсіздендіру жарналарын жөніндегі айырысулар" суб.шотының кредиті бойынша және 20 "Бюджет жөніндегі шығын" немесе 21 "Басқа шығындар суб.шоттарының дебеті бойынша бейнелейді. Тиісті қаржылар Орталыққа аударылған кезде 198/2 суб.шоты дебетке беріледі және ақша қаржысының есебі жөніндегі суб.шот (090100110) кредитке беріледі.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.03.11. N 201 қаулысымен. P980201_

IV. Орталықтан зейнетақы төлемін төлеуді жүзеге асыру тәртібі

32. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіндегі Орталыққа арнап ашылған есеп шотқа түсетін міндетті зейнетақы жарналары мен ресми трансферттер зейнетақы төлеміне жіберіледі.

33. Халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері Орталықтың қалалық, аудандық бөлімдеріне белгіленген нысан бойынша зейнетақы іс-қағазынан әрбір зейнеткерге тағайындалған зейнетақы мөлшері туралы көшірмені ұсынады.

34. Көшірмеден алынған мәліметтерді Орталықтың қалалық, аудандық бөлімдері бұл мәліметтерді Орталыққа беретін Орталықтың облыстық филиалына электронды түрде жібереді.

35. Облыстық филиалдар зейнетақыны қаржыландыруды жүзеге асыру үшін Орталыққа белгіленген нысанда әр айдың 15-нен кешіктірмей қалалармен аудандар шегінде зейнетақы төлеуге өтінім жасайды.

36. Орталықтың қалалық, аудандық бөлімдері тағайындалған зейнетақы туралы көшірме негізінде, белгіленген нысанда әрбір зейнеткерге қағаз түрінде зейнетақы төлеу жөніндегі есеп карточкасын жүргізеді, Орталықтың облыстық филиалдары есеп карточкаларын электрондық түрде жүргізеді. Зейнетақының тағайындалған мөлшері туралы көшірменің негізінде орталықта белгіленген нысанда зейнеткердің есеп карточкасы жүргізіледі. Есеп карточкасының негізінде қалалық, аудандық бөлімдер белгіленген нысанда, зейнетақы төлеміне қажеттіліктің тізім-тізімдемесін құрады және электронды түрде Орталықтың

облыстық филиалына береді. Орталықтың облыстық филиалы зейнетақы төлеміне қажеттіліктің облыс бойынша жинақтық тізімдемесін белгіленген нысанда жасайды және электронды түрде Орталыққа береді.

37. Зейнеткер қайтыс болған жағдайда, халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің жазбаша хабарламасының негізінде Орталықтың қалалық және аудандық бөлімдері сол күні Орталыққа жерлеуге бір жолғы төлем алу үшін қажетті қаржы сомасына Заңмен белгіленген Нысан бойынша өтінім береді.

38. Ай сайын, қалалық және аудандық бөлімдер атқарушы өндіріс тәртібімен белгіленген нысан бойынша зейнетақыдан ұстап қалудан мәліметтерді Орталыққа беріп отырады.

39. Орталық қызмет көрсететін банктің корреспонденттік шотының қажеттілігіне сәйкес ай сайын әр айдың 20-нан кешіктірмей зейнетақы төлеуге өз шотынан бір немесе бірнеше төлем тапсырмаларын аударады және тізім-тізімдемені қоса салады.

40. Орталық облыстық филиалдарын жалпы аймақ бойынша белгіленген нысанда зейнетақы төлеміне арналған нақты қаржыландырылған сомасы туралы хабардар етеді.

41. Орталықтың берген тізіміне сәйкес, қызмет көрсететін банк әр айдың 1-не дейін зейнеткерлердің жеке шотына өткен ай үшін берілетін қаржы сомасын енгізеді.

42. Қызмет көрсететін банк зейнетақыны өткен ай үшін апаруды және төлеуді , ағымдағы айдың 20-на дейін жүзеге асырады.

43. Қызмет көрсететін банк әр айдың 25-не дейін қалалық, аудандық бөлімдермен бірлесе отырып қорытынды бойынша салыстыру жүргізеді және белгіленген нысан бойынша үш данада акт жасайды: оның біреуі банкте қалады, екіншісі қалалық, аудандық бөлімдерге және үшінші дана

облыстық филиалға жіберіледі.

44. Қалалық, аудандық бөлімдер салыстыру актісі негізінде есеп жасап, оны ай сайын белгіленген нысанда орталықтың облыстық филиалына тапсырады.

45. Зейнетақы төлемін ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін банктің қызметіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тариф бойынша, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу тәртібімен шығындарды міндетті зейнетақы жарналары қаржыларының есебіне жатқызу негізінде жүргізіледі.

46. Жинақтаушы зейнетақы қорына арналып Орталықтың шотына түскен жеке тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары банктік екі күн ішінде

салымшылардың тізімін қоса отырып жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

V. Шет елге зейнетақы төлеуді жүзеге асырудың тәртібі

47-52

<*>

ЕСКЕРТУ. 47-52 тармақтар алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.12.22.

N 1313 қаулысымен.

P981313_

VI. Міндетті зейнетақы жарнасын төлеуді бақылау және бұзушылыққа қарсы қолданылатын санкциялар

53. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеп шығару мен аударуға бақылау жасауды Қазақстан Республикасындағы Қаржы министрлігінің салық органдарының қызметтері жүзеге асырады.

54. Төлеушілердің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуіне бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін Орталық күн сайын өткен күн үшін Орталық пен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті арасындағы келісімге сәйкес көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне төлеушілер тіркелген облыстар, аудандар бойынша түскен міндетті зейнетақы жарналарының тізімдерін, төлеушілер тіркемелерін және оларға қоса берілетін электронды төлем тапсырыстарын ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 54-тармақпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.03.11.

N 201 қаулысымен. P980201_